

## Жер учаскесіне шектеулі нысаналы пайдалану (қауымдық сервитут) құқығын беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 9 қарашадағы № 242 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 67-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағының 2-1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, жер комиссиясының 2021 жылғы 11 тамыздағы № 5 хаттамасы және "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 18 тамыздағы № KZ08VBG00895981 бұйрығымен бекітілген жерге орналастыру жобасы негізінде Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына 10 жыл мерзімге орман қорының жерлерін қоспағанда, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Юбилейный ауылдық округінің аумағында Есіл топтық су құбырының магистральдық құбыр жолының желілік бөлігін орналастыру және пайдалану үшін жалпы ауданы 51,4 гектар жер учаскесіне шектеулі нысаналы пайдалану (қауымдық сервитут) құқығы берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша) жұмыс аяқталғаннан кейін жер учаскесін нысаналы мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының әкімі*

*Қ. Ақсақалов*

Солтүстік Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2021 жылғы "09" қарашадағы  
№ 242 қаулысына  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына 10 жыл мерзіміне Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Юбилейный ауылдық округінде шектеулі нысаналы пайдалану (қауымдық сервитут) құқығын беру кезіндегі жер экспликациясы**

№	Ж е р пайдаланушылардың атауы	Кадастрлық нөмірі	Ауданы , га	Соның ішінде						
				А / ш алқабының ауданы	Оның ішінде			Оның ішінде Жайылым	Оның іші Жақсарты	
					Егістік	Көп жылдық екпе	Шабындық			Жақсартылған
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Юбилейный ауылдық округі										
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер										
Шаруа және фермер қожалықтары										
1	Қалиев шаруа қожалығы	15-228-044-172	2,3	2,3	2,3					
2	Жүнісов шаруа қожалығы	15-225-044-204	1,9	1,9	1,9					
3	Ашамаев шаруа қожалығы	15-228-044-203	6,4	6,4	6,4					
4	Дронг шаруа қожалығы	15-228-044-181	6,1	6,1	6,1					
5	Тасмағанбетов шаруа қожалығы	15-228-044-087	6,3	6,3	6,3					
	Шаруа қожалықтары бойынша жиыны		23,0	23,0	23,0					
Мемлекеттік емес заңды тұлғалар										
6	"ҚазЭкспорт бидай" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	15-228-044-194	1,4	1,4	1,4					
7	"ҚазЭкспорт бидай" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	15-228-044-207	8,2	8,2	8,2					
8	"ҚазЭкспорт бидай" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	15-228-044-208	0,8	0,8	0,8					
9	"Даниал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	15-228-044-202	4,4	4,4	4,4					
10	"ҚазЭкспорт бидай" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	15-228-044-195	0,5	0,5	0,5					
11	"Степное220" жауакершілігі шектеулі серіктестік	15-228-044-198	3,5	3,5	3,5					



Елді мекен жері										
										4,9
										4,2
										9,1
Ауылдық округ жерлері										
										0,1
							0,1			
							0,1			0,1
							0,1			9,2
							0,1			9,2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК